



БҰЙРЫҚ

13.05.2024

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 124

город Астана

**«Алақай, жаз келді!» бейнероликтер республикалық
байқауының қалалық кезеңін өткізу туралы**

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес және Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 10 мамырдағы №782 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының интеллектуалдық іс-шараларды ұйымдастыру және Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Ш.Қалқабаева 2024 жылдың 14 мамырында «Алақай, жаз келді!» бейнероликтер республикалық байқауының қалалық кезеңін (бұдан әрі - Байқау) онлайн форматта өткізуді ұйымдастырсын.

2. Байқаудың қазылар алқасы құрамы келісімдері бойынша қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының бас есепшісі Қ.Хамитова қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған мамандардың сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде осы орталықтың 2024 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Абишеваға жүктелсін.

Қосымша: п.

Директор

Ж. Бейсенбаева